

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИИВЕРСИТЕТІ

«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ

«ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫ

НҰРБОСЫНОВА Ж.Н.

«ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕЛДАЛАРЫ» ПӘНІНЕН
5В050900 «ҚАРЖЫ» МАМАНДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КУРСТЫ МЕҢГЕРУ
БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

АҚТАУ- 2011Ж

УДК (384).7

Құрастырушы: Нұрбосынова Ж.Н «Қаржы нарығы және делдалары» пәні бойынша әдістемелік нұсқау «Қаржы» мамандығы студенттеріне арналған. Ақтау 2011ж-43 б

Сын пікір беруші: э.ғ.к. Саубетова Б.С.

Әдістемелік құралында ақша, депозит, несие, қор, валюта, зейнетақы, сақтандыру нарықтары және негізгі қаржы делдалдарының қалыптасуы мен дамуының негізгі аспектілері, олардың жұмыс істеу ерекшеліктері, сондай – ақ отандық қаржы нарығында айналымда жүрген қаржы құралдарына ерекше назар аударылады.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технолгиялар және инжиниринг университеті Оқу әдістемелік кеңесінің шешімімен баспадан шығаруға ұсынылды.

©Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ,2011

Алғы сөз

Біздің елімізде экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық алғышарттары бар қаржы нарығын қалыптастырушы процесс жүріп жатыр. Оны әрі қарай дамыту мақсатында институционалдық құрылымдарды құруға, инвесторлардың қажеттіліктеріне жауап бере алатын шетелдерде дамыған әртүрлі қаржы құралдарын және қаржы нарығын талдаудың әдіснамасын енгізуге, даму тенденциялары мен мемлекеттік қолдаудың бағыттарын бөлуге ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Өндірістік салалардағы инвестицияларды жүзеге асыру үшін ішкі ресурстардың жеткіліксіздігі Қазақстанның өтпелі экономикасындағы аса ірі мәселелердің біріне айналды.

Курстың пәні – қазіргі қаржы нарықтарының қызмет етуі және әртүрлі қаржы институттарының қызметі. Осы берілгендер қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасының дамуында өте маңызды болып табылады. Қаржы нарығындағы жас мамандар санының жетіспеушілігі Республикадағы қаржы нарығының әсіресе, қор нарығының дамымауының негізгі факторы болып табылады.

Қазіргі қаржы нарықтарындағы операцияларды тиімді басқару бойынша білімді және әдістерді тыңдаушылардың терең ұғынуы берілген курстың мақсаты болып табылады. Курс бағдарламасында қарастырылатын көптеген сұрақтарды толық ұғыну экономикалық теориямен халықаралық экономикалық қатынастар жалпы курстары бойынша студенттер толық білімі болуын талап етеді.

Курстың міндеттері болып мыналар табылады:

- Әртүрлі қаржы институттарын және олардың ұсынатын қызметтерін, баға белгілеу әдістерін, оларды басқару стильдерін, ішкі және халықаралық қаржы нарықтарындағы қызмет ету стратегияларын оқу;
- Әртүрлі елдердің қаржы институттарының қызметтерін оқу;
- Қазақстандағы қаржы нарықтарының қызмет етуінің ерекшеліктерін ашу;
- Қаржы делдалдарын, қаржы нарықтарындағы кәсіби қатысушылардың қызметін оқу және талдау;

«Қаржы нарығы және делдалдары» курсы дүниежүзілік қаржы нарықтарының және осы нарықтың инфрақұрылымын құрайтын институттардың қызмет етуі бойынша сұрақтарды анықтау мақсатында жасалуы. Курсты меңгеру арқылы студенттерге Қазақстанның қаржы нарығында болып жатқан процестерді және оның жалпы экономикалық дамуында рөлін түсіндіруге көмектеседі.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Тақырып 1. Қаржы нарығының инфрақұрылымы және оның негізгі элементтері.

Қаржы нарығы, делдалдары және кәсіби қатысушылар туралы түсінігі. Қаржы нарығы және оның құрылымы. Дүниежүзілік қаржы нарығы, аймақтық қаржы нарығы, ұлттық қаржы нарығы. Әр елдердегі қаржы нарығының инфрақұрылымы. Қор нарықтары және олардың құрылымы. Қор биржалары және олардың қаржы нарықтарындағы рөлі. Биржадан тыс нарық. Қаржы нарығының ғаламдануы. 30 тобының нұсқалары.

Қаржы қатынастары кез – келген ел экономикасының дамуының негізі болып табылады. Қаржы ресурстарының айналымы мен қайта бөлінуі қаржы нарығын көрсететін олардың айналымының өзіндік сферасын құрайды. Нарықтық экономика жағдайында жалпы алғанда, қаржы нарығы нарықтық қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Осылайша, қаржы нарығы – капиталға сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру шегіндегі делдалдар көмегімен қарыз берушілер мен қарызгерлер арасындағы капиталды қайта бөлу механизмдерінің жүйесі.

Қаржы нарығының негізгі қызметтері:

- реттеушілік, яғни мемлекеттік басқару органдары тараптарымен де, өзін - өзі реттеу ұйымдары көмегімен нарықты реттеу жүзеге асырылады.
- ақпараттық, яғни қаржы нарықтарының барлық қатысушыларына ақпараттың тең және толық қол жеткізілімінің қамтамасыз ету.
- бөлгіштік, яғни қаржы нарығы құралдарының айналымы ақша құралдарының экономиканың бір саласынан басқа салаларға өтуін қамтамасыз етеді.
- саудалық, яғни қаржы нарығында жүргізілетін барлық операциялар қалай да болмасын барлық мәміле қатысушыларына табыс әкеледі.
- баға қалыптастырушылық, яғни еркін бәсекелестік жағдайында нарықта сұраныс пен ұсыныстың әсерімен қаржы құралдарына баға қалыптасады.

ҚР мемлекеттік реттеу органдарының қаржылық есеп беру тәртібіне сәйкес қаржы нарығының құрылымын келесі үлгіде көрсетуге болады.



Сурет 1. Қазақстанның қаржы нарығының құрылымы.

Қаржы нарығы ақша, депозит, несие, валюта, қор, сақтандыру, зейнетақы нарықтарының қаржы құралдарымен сауда – саттық жүргізудің ұйымдастырылған жүйесін білдіреді. Бұл жерде тауар ретінде төлем құралдары мен бағалы қағаздар болып табылатын ақша құралдарының ағымдарын меншік иелерінен қарызгерлерге бағыттайтын қаржы институттары маңызды рөл ойнайды. Кез – келген нарық сияқты, қаржы нарығы да қаржы ресурстарын сатушылар мен сатып алушылар арасында тікелей қатынас орнатуға арналған.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №1

1. Қаржы нарығының экономикалық мәні;
2. Қаржы нарығы және оның құрылымының теориялық негізі;
3. Қаржы нарығының функциясы;

СӨЖ тапсырмасы №1

1. Қазақстанның қаржы нарығының ерекшеліктері;
2. Қор биржасы;

Тақырып 2. Капитал нарығы.

Капитал нарығы туралы түсінік. Жай акциялар. Облигациялар. Орта мерзімді вексельдер. Капитал нарығының қатысушылары. Эмитенттер. Инвесторлар. Капитал нарығы және қарыз нарығы арасындағы айырмашылық.

Опцион түсінігі. Америкалық және еуропалық опциондар. Салымның табыстылығы. Қоғамның акцияны орналастыру әдістері. Қоғамменен орналастырылған акцияларды төлеу. Акцияның номиналдық және нарықтық құны.

Консолидациялау және бөлшектеу. Қоғамның белгілі мүліктеріменен кепілдікпен қамтамасыз етілген облигациялар. Үшінші жақтың кепілдігімен қамтамасыз етілген облигациялар. Капитал нарығындағы тепе-теңдік.

Капитал ол ақша қаражаттары. Капиталды нақты, қарыз және жалған капиталдар деп бөлгенмен, бірақ олар бір – бірімен байланыста. Соның ішінде, жалған капитал деген қосымша құнның бір бөлігін дивиденд немесе пайыз түрінде иемденуге құқық беретін бағалы қағаздар иесінің меншік титулы. Бағалы қағаздар – акциялар, облигациялар және басқа да түрлерде көрінетін капитал.

Жалған капитал нақты және қарыз капиталдарымен байланыста болғанымен, олардың оқшауланып шыққан бөлігі, яғни олардың бағалы қағаздардағы көрінісі ретінде айналыста жүреді. Оның нақты капиталдан мынадай ерекшеліктері бар:

Біріншіден, жалған капиталдың өз құны өте аз болғандықтан оны жоқ деуге болады. Бірақ бағалы қағаздардың кейбір түрлері нақты капиталдың орнында жүреді;

Екіншіден, бағалы қағаздардың айналысы қор биржасынан және несие жүйесінен басталады, ал нақты капитал өндіріс аясына қызмет көрсетеді;

Үшіншіден, жалған капиталдың мөлшері бағалы қағаздарды сатудан түскен табыстың капиталға айналуымен анықталады. Ал өндірістегі нақты капиталдан түскен пайда сол нақты капиталдың өз мөлшеріне байланысты болады. Жалған капиталдың пайда болуын К.Маркс «капиталдану» деп атады. Ал капиталдану – мүліктің немесе нақты капиталдың ақша капиталына айналуы деген ұғым.

Төртіншіден, жалған капиталдың мөлшерінің өзгеруі нақты капитал көлемінің өзгеруіне дәл келмейді, одан әлдеқайда көп болады. Жалпы алғанда, жалған капитал нақты капиталға қарағанда шапшаң өседі. Бұл жағдай акционерлік кәсіпорындардың тез дамуына, бағалы қағаздардан түсетін дивиденд немесе пайыз мөлшерінің айырмашылығына және де бағалы қағаздардың көлемінің соңғы кездері тез ұлғаюына байланысты.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №2

1. Капитал нарығына қатысушылар;
2. Қарыз капитал түсінігі;
3. Нарық капиталының теңдігі.
4. Эмитент, инвестор түсінігі;

СӨЖ тапсырмасы №2

1. Ашық акционерлік қоғамдағы акция келісімінің ерекше өтімі;
2. Бөлшектеу және консолидациялау.

Тақырып 3. Ақша нарығы.

Ақша нарығы туралы түсінік. Ақша нарығының құралдары. Банктік акцептер және оның ерекшеліктері.

Қысқа мерзімді қазыналық вексельдер және оларға мінездеме. Коммерциялық векселдер. Жай және аудармалы векселдер. Депозиттік сертификаттардың түрлері және олардың шығару ерекшеліктері.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық қызметінде, яғни олардың ағымдағы өтімділігін қамтамасыз етуде тауарлар мен қызметтерді сатушылар мен сатып алушыларға ақша қаражаттарын бөлу және қайта бөлу механизмін қамтамасыз ететін ақша нарығының қаржылық құралдары маңызды роль атқарады. Кез келген қаржы құралының негізін ақша құрайтыны белгілі.

Ақша мынадай функцияларды орындайды:

- күн өлшемі;
- айналым құралы;
- төлем құралы;
- жинақтау құралы;
- әлемдік ақша.

Ақша функцияларына қарай *ақша нарығының негізгі функциясын* былайша анықтауға болады:

- төлем функциясы – операцияларды жүзеге асыру процесінде оған қатысушылардың арасындағы әртүрлі есеп айырысуларды жүргізуге ықпал ететін нарық;

- коммерциялық несиелеуді қамтамасыз ету – ақшалай міндеттемемен, яғни вексельмен ресімделетін төлемнің мерзімін ұзарту, шаруашылық жүргізуші субъектілердің коммерциялық тұрғыдан несиеленуіне мүмкіндік береді;

- есеп функциясы және т.б.

Ақша нарығының қолда бар құралдарына қарай және Қазақстандық қаржы нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, оның мынадай сегменттерін бөліп көрсетуге болады.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №3

1. Ақша нарығының экономикалық мәні;
2. Ақша нарығының құрылымы;
3. Банктік акцепт және оның негізі;

СӨЖ тапсырмасы №3

1. Ақша нарығының төлем құралдары;
2. Ақша нарығы және оның қаржылық құралдары.

Тақырып 4. Валюта нарықтар.

Валюталық нарықтардың дамуы. Валюталарды айырбастау. Өзгермелі айырбас курстары. Конвертацияланатын және конвертацияланбайтын валюталар. Үлкен көлемдегі негізгі валюталар.

Биржалық және биржадан тыс валюта нарықтары. Биржадан тыс валюта нарықтары және валюталарды сату-сатып алу контрактілері. Нарықтың қатысушылары. Валютаның котировкасы.

Валютаға сұраныс пен ұсыныс. Валютаның бағасына әсер етуші факторлар. Форвардтық валюталық операциялар. Шетел валютасының айырбасталуы (свопы).

Валюталық опциондар. Валютаны сату-форвардтық котировкалар. Валюталық тәуекелдердің пайда болуындағы жағдайлар мен себептер. Валюталық операцияларды банктік бақылау.

Валюта нарығы қаржы нарығының түрлі құрастырушыларының өзара әрекетін қамтамасыз етуде оның аса маңызды бөлігі болып табылады. Бұл механизмнің көмегімен валютаны тұтынушылар мен сатушылардың арасындағы құқықтық және экономикалық өзара қарым – қатынас орнап, мынадай негіздегі мәмілелерді орындауға мүмкіндік туады:

- бөлшек сауда мәмілелері, онда банк клиентпен сату – сатып алу барысында өзара әрекет етеді;
- банкаралық көтерме сауда мәмілелері, онда екі банк валюталық брокердің көмегімен бір – бірімен өзара әрекет етеді, нәтижесінде банкаралық нарық құрылады.

Валюта – кез келген төлем құжаттары немесе халықаралық есеп айырысуларда пайдаланылатын және қандай да бір ұлттық ақша бірлігінде көрініс табатын ақшалай міндеттеме. Ол шетел мемлекетінің тиісті заңды төлем банкноты, тиыны, қазыналық билеті түрінде болады. Ол елдегі бүкіл ақша – несие жүйесіне басшылық жасайды, ол ақша эмиссиясының, сақтаулы тұрған уақытша бос қаражатының және коммерциялық банктердің міндетті резервтерінің монополиялық құқығына ие. Валюта нарығының негізгі тауары – шетелдік валютада белгіленген кез келген қаржылық талап. Бүгінгі таңдағы

Қазақстанның валюта нарығы шетелдік валюталар операциясымен ғана шектелген.

Валюталық операциялар – бұл ақша нарығында шетелдік валюталарға және шетелдік валютаға жазылған төлем құжаттарына баға белгілеу операциясы.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №4

1. Валюта нарығының түсінігі және оның құрылымы;
2. Валюта операциялары;
3. Валюта бағасына қатысты факторлар;
4. Шетел валютасындағы СВОП;
5. Валюта нарығы және оның құралдары;

СӨЖ тапсырмасы №4

1. Валюта операциялары және олардың сипаттамалары;
2. Валюта тәуекелділіктерінің пайда болуы, себептері;
3. Шет мемлекеттердің валюта нарығы.

Тақырып 5. Бағалы қағаздар нарығы.

Бағалы қағаздар түсінігі. Бағалы қағаздар түрлері. Туынды бағалы қағаздардың түсінігі. Варрант және опцион. Құқықтық және фьючерстік келісімшарт.

Туынды бағалы қағаздарды орналастыру және оның ерекше шығарылымы. Туынды бағалы қағаздарды шығаруды заң жүзінде реттеу. Қор биржасы. Бағалы қағаздар нарығына қатысушылар.

Бағалы қағаздар нарығы – ол қаржы нарығының құрамдас бір бөлігі. Бағалы қағаздар нарығы басқа нарықтардан өзінің айырықша тауарымен өзгешеленеді. Ол өзгеше тауар – бағалы қағаздар. Олар, біріншіден, меншік белгісі, екіншіден, қарыз міндеттемесі, яғни олар бойынша табыс алу құқығы және табыс төлеу міндеттемесі пайда болады.

Бағалы қағаздар ақша капиталының немесе басқа материалды құндылықтардың орнына жүретін «символы» болғандықтан оны «қордың құндылықтары» деп те атайды. Сонымен қатар, бағалы қағаздар «қор құралы» болып та есептеледі. Себебі, тек сол құралды пайдаланып, нақты құндылықтарға қол жеткізуге немесе сол құндылықтар бір субъектіден екіншіге ауысуына болады. Сонымен, **бағалы қағаздар нарығы** – капитал нарығының, яғни ақша немесе басқа материалдық құндылықтардың нақты қызметінің көрінісі.

Бағалы қағаздар нарығының құралдарына бағалы қағаздар жатады. **Бағалы қағаздар** – бағалы қағаздар нарығында айналыста болатын ерекше тауар, алайда ол заттай тауар немесе қызмет немесе ақша болып табылмайды. Оны ақшаға жақындататын бірқатар өз ерекшеліктері бар. Олардың ішіндегі ең басты ерекшелігі – оны әртүрлі формадағы ақшаға айырбастауға болады. Ол есеп айырысуда пайдаланылуы мүмкін, кепіл де бола алады, оны бірнеше жылға сақтауға да болады немесе мұра бойынша мерзімсіз беруге де болады, оны сыйлық ретінде біреуге де ұсынуға да болады.

Осылайша бағалы қағаз өз иесіне біршама табыс әкелетін, құқығы мен міндеттемесі үшінші тұлғаға жаңа келісімшартсыз берілетін, үлгісі қатаң тәртіппен белгіленетін құжатты білдіреді.

Қазақстан бағалы қағаздар нарығының негізгі сегменттері.



Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №5

1. Бағалы қағаздар нарығының функциясы;
2. Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары;
3. Бағалы қағаздар нарығының негізгі қаржылық құралдары және олардың классификациясы;
4. Құқықтық және фьючерстік келісімшарт;

СӨЖ тапсырмасы №5

1. Әлемдік бағалы қағаздар нарығы;
2. Халықаралық бағалы қағаздардың негізгі түрлері.

Тақырып 6. Әлемдік қаржы нарығы.

Әлемдік қаржы нарығының қазіргі құрылымының тарихи қалыптасуы. Әлемдік қаржы-несие институттары. Трансұлттық корпорациялар және банктер. Қор биржалары. Мемлекеттік агенттіктер және брокерлік-дилерлік ұйымдар.

Евро нарық және шетелдік валюта нарығы. Евронарықтың ресурстарының көздері.

Әлемдік ақша орталықтары. Халықаралық бағалы қағаздар нарығы. Дүниежүзілік және Американдық депозиттер қолхаттар. Орта мерзімді және

ұзақ мерзімді несиелелер. Халықаралық валюта нарығы. Ағымды және мерзімді мәмлелер.

Әлемдік қаржы нарығының қазіргі құрлымын қалыптастырудың тарихи аспектілері.

Әлемдік қаржы нарығының құрылуы ХХ ғасырдың 30-жылдарына жатады. Бірақ екінші дүниежүзілік соғыс кезінде орын алған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс сауда-экономикалық байланыстарды бұзды. Әлемдік қаржылық жүйені қайта құру 1944 жылы болған Бреттон – Вуд конференциясынан басталады.

Әлемдік қаржы нарығының түсінігіне қатысты экономистердің пікірі әртүрлі тарқатылады. Біреулері **оны** қарыз капиталы нарығының құрамдас бөлігі ретінде және функционалдық көзқарас тұрғысынан, екіншілері **оны** ұдайы өндірістің үздіксіздігі мен тиімділігі мақсатында әлемдік қаржылық ағымдардың жинақталу мен қайта бөлінуін қамтамасыз ететін нарықтық қатынастар жүйесі ретінде қарастырады. Олар әлемдік қаржы нарығы үлкен жинақтарды иеленетін елдерден оның жетіспеушілігі байқалатын елдерге капитал ауысуы функциясымен ғана шектеуге болады деп есептейді. Олар өздерінің қорытындыларын жасаған кезде дамыған салалар мен офшорлы аймақтарға ауысуын негіз етіп алады. Олар әлемдік қаржылардың негізгі арналымы тәуекелділікті басқару, құқықтық реттеу мен салық салудан жалтарту деп есептейді. Басқа экономистер валюта нарығынан алыпсатарлық операцияларды бөліп алу қажет деп есептейді. Бірақ тәжірибеде алыпсатарлық мәмілені хеджирлеу мәмілесінен ажырату өте қиын деп айтылады, себебі екі жағдайда да шаруашылық жүргізуші субъектілерге ашық валюталық ұстанымды қабылдауға тура келеді. Әдістемелердің тұтастығы сауда нарығын – ақша нарығының қысқа мерзімді активтері және капитал нарығын – ұзақ мерзімді активтері деп бөлуден тұрады. Бұдан басқа барлығы дерлік қызметті халықаралық қаржылар саласымен шектелмейтін еуронарықты бөліп шығарады, сондай-ақ әлемдік қаржы нарығында мынадай - әртүрлі ел резиденттері өз арасында активтерді жай айырбастау деген ерекше белгіні енгізуге тырыспайды.

Алайда капитал ауысуының күшеюі қаржы нарығына халықаралық сипат береді, сондықтан толық көлемде ел экономикасына салынған шетел капиталын бөліп алып, шетелде орналастырылған ұлттық капиталды есепке алу қиын. Сондықтан да «өзін үздіксіз көбейтетін құн ретінде» капитал қозғалыссыз өмір сүре алмайды, ол ұдайы өндіріске құйыла отырып, жаңа құн құрып үнемі айналымда болуы қажет. Сондықтан, егер капитал үнемі пайдалы салымдарды іздеуде болса, онда оны осы жай бір елден басқа елге ауысуға мәжбүрлейді.

Сонымен, **әлемдік қаржы нарығы** – бұл түбінде капитал экспортеры, оның реципиенттері және осы ролдерге сәйкес, мысалы, транзит капиталы сияқты әртүрлі ролдерге шыға отырып, барлық елдер қатысатын экономикалық қатынас. Мұнда постиндустриалды елдерге көбірек мән беріледі. Бұдан басқа оларда есеп айырысу орталығы болып табылатын банктер орналасады. Мысалы, Лондон, Гонконг, Токио және басқа жерлерде орналасқан субъектілер арасында жүретін мәмілелер бейнеленуі мүмкін, сондықтан оларды өздерінің

ақша-қаржылық жүйесі әлемдік қаржы нарығының негізін құрайтын капитал клирингінің елдері деп атауға болады.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №6

1. Әлемдік валюта нарығын құру мен дамыту;
2. Дамыған және дамушы елдердің зейнетақы нарықтары;
3. Әлемдік ипотекалық нарықтың дамуы;

СӨЖ тапсырмасы №6

1. Қазақстанның халықаралық қаржы орталығын құру мен дамыту.

Тақырып 7. Қаржы нарығындағы коммерциялық банктердің іс-әрекеті.

Қаржы нарығы инфрақұрылымындағы банктердің ролі. Қазақстан экономикасындағы және қаржы нарығындағы банктердің қызметтерінің кеңеюі және нормативтік құқықтық базасы.

Банктердің инвестициялық және несиелік стратегиясы. Несиелік саясат. Неси портфелінің құрылымы. Несилеу қағидалары. Несие бойынша табыстылық.

Инвестициялық банктердің қызметтерін реттеудің әртүрлі елдердегі тәжірибесі. Инвестициялық банктердің қызметтерінің түрлері мен мазмұны.

Коммерциялық банктердің бағалы қағаздармен операциялары. Коммерциялық банктердің брокерлік-дилерлік қызметі. Коммерциялық банктердің кастодиандық қызметі.

Коммерциялық банктер бағалы қағаздар нарығында эмитенттер және инвесторлар ретінде.

Коммерциялық банктер көбінесе өздері салым ақша түрінде алатын ақшалай капиталдың есебінен өнеркәсіп, сауда және басқа да кәсіпорындарды несиелеу бойынша әмбебап операцияларды орындайтын жеке және мемлекеттік банктерді білдіреді.

Коммерциялық банктердің функциялары:

- мерзімсіз депозиттерді шоғырландыру (ағымдағы шоттарды жүргізу) және осы банктің атына жазылған чектерді төлеу;
- кәсіпкерлерге несие беру;
- барлық ұлттық шаруашылықтың ауқымында төлем айналымын ұйымдастыру әрі есеп айырысуларды жүзеге асыру және т.б.

Коммерциялық банк – бұл шаруашылық есеп принципімен әрекет ететін заңды тұлға болып табылатын, шаруашылықты дербес жүргізетін субъект.

Банктер қаржы делдалы ретінде мынадай операцияларды орындайды:

- несиелеу делдалдық;
- есеп айырысудағы делдалдық;
- кастодиандық делдалдық;
- брокерлік – дилерлік делдалдық қызмет және т.б.

Коммерциялық банктер өз клиенттеріне әртүрлі депозит түріндегі ақша сақтаудың қолайлы формаларын ұсынады, бұл өтімділікте клиенттің қажеттілігін қанағаттандыра отырып, олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Банк бұдан басқа мына қызметтерді жүзеге асырады:

- пассивті операцияларды;
- активті операцияларды;
- меншікті операцияларды.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №7

1. Коммерциялық банктердің бағалы қағаздармен операциялары;
2. Коммерциялық банктердің брокерлік-диллерлік іс-әрекеттері;
3. Коммерциялық банктердің кастодиальдық іс-әрекеттері;

СӨЖ тапсырмасы №7

1. Коммерциялық банктердің делдалдық операциялары;
2. Коммерциялық банктер бағалы қағаздар нарығында белгілі бір эмитент және инвестор ретінде.

Тақырып 8. Зейнетақы қорлары.

Жинақтаушы және ынтымақтастық зейнетақы жүйесі. Шетелдік зейнетақы қорлары. Қазақстан Республикасындағы зейнетақы жүйесі. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары. Зейнетақы активтерін басқару бойынша компаниялар. Банккастодиандар. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерін реттеу бойынша комитет. Зейнетақы қорлар ассоциациясы. Зейнетақы қорарының пассивтік және активтік операциялары. Зейнетақы жинақтарын сақтауды кепілдендіретін мемлекеттік жүйе.

Қазақстан Республикасында жүргізілген зейнетақы реформасының нәтижесінде өз активтерін халықтың қаражат есебінен қалыптастыратын жинақтаушы зейнетақы қорлары құрылды. Зейнетақымен қамтамасыз етудің жана жүйесі 1997 жылдың 20 маусымында қабылданған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңына сәйкес оның нақты жұмысына, ең бастысы – зейнетақы жинағының сақталатындығына кепілдік береді.

Жинақтаушы зейнетақы қор – бұл ҚР заңында белгіленген тәртіппен зейнетақы жарнасын тарту және зейнетақы төлеу бойынша қызметті, сондай – ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлға.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшылардың міндетті жарнасын шоғырландырып, оларды әртүрлі бағалы қағаздарға орналастыру арқылы қордың инвестициялық портфелін қалыптастырады. Олар мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорына бөлінеді.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры заңды тұлғаны білдіреді. Оның құрылтайшысы – мемлекет. Мемлекет салымшылардан міндетті зейнетақы жарнасын алады және зейнетақы алушыларға зейнетақы төлейді. Сонымен бірге зейнетақы активтерін қалыптастырып, оларды мемлекеттік бағалы қағаздарға, мемлекеттік банктің депозиттеріне, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына инвестициялайды.

Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры – салымшылардың міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын алуды әрі зейнеткерлердің зейнетақысын төлеуді, сондай – ақ зейнетақы активтерін қалыптастыру және оларды инвестициялау бойынша қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға. Ол міндетті қорларға қарағанда ерікті зейнетақы жарнасын да тарта алады. Ерікті зейнетақы жарнасын салымшылар заңда және зейнетақы келісімшартында белгіленген тәртіппен және мөлшерде өз бастамасы бойынша енгізеді. Зейнетақы активтері жинақтаушы зейнетақы қорлардан зейнетақының төленуін қамтамасыз етеді, әрі жүзеге асырады. Қор зейнетақы активтерін инвестициялау арқылы инвестициялық табысқа қол жеткізеді.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №8

1. Қазақстандағы зейнетақы нарығының құрылымы;
2. Зейнетақы активтерін басқару компаниялары;
3. Зейнетақы қорларының пассивтік және активтік операциялары;

СӨЖ тапсырмасы №8

1. ҚР-дағы мемлекеттік емес зейнетақы қорлары;
2. Қазақстандағы зейнетақы нарығының ағымдағы жағдайы;
3. Чилидің зейнетақы нарығы.

Тақырып 9. Сақтандыру компаниясы.

Сақтандырудың экономикалық мәні. Сақтандырудың жіктелуі. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру ісінің дамуы.

Сақтандыру қызметінің қаржылық негізі. Сақтандырушының қаржысын ұйымдастырудың жалпы қағидалары. Табыстары, шығыстары және қаржылық нәтижелері.

Сақтандыру компаниясының коммерциялық қызметі.

Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы сақтандыру компаниялары. Сақтандыру компанияларының инвестициялық стратегиялары. Депозиттерді сақтандырудың мемлекеттік қоры.

Сақтандыру компанияларымен өтелінетін тәуекел түрлері.

Қаржы нарығындағы аса маңызды делдал - сақтандыру компаниясы. Сақтандыру компаниясы - сақтандыру қорының қызмет етуінің тарихи анықталған қоғамдық формасы болып табылады.

Сақтандыру компаниясы – коммерциялық ұйым. Ол өзінің қызметін лицензия негізінде сақтандыру келісімшарттарын жасау және орындау бойынша жүзеге асырады. Қазақстанда сақтандыру ұйымдары, олардың құрылтайшылары мен акционерлері заңды және жеке тұлғалар, ҚР резиденті

және резидент емес тұлғалары болып табылатын акционерлік қоғам формасында құрылады. Сақтандыру ұйымының құрылтайшысы мемлекет те бола алады, бірақ ол тек ҚР Үкіметі ретінде ғана болады. Сонымен қатар, жарғылық капиталының 50 %-ынан астамы мемлекет меншігіндегі ұйымдар, құрылтайшылар және акционерлер бола алмайды.

Сақтандыру компаниясының құрылуына рұқсатты *ҚР қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі* мынадай қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін береді:

- сақтандыру ұйымын құруға рұқсат алу үшін өтініш;
- құрылтайшылық құжаттар;
- сақтандыру ұйымын құру туралы шешім;
- құрылтайшылар туралы мәліметтер және тағы басқа.

Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін Агенттікке мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- лицензия беру туралы өтініш;
- мемлекеттік тіркеу және статистикалық карта туралы куәліктердің нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- құрылтайшылық құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- жарғылық капиталдың минималды көлемін толық төлегенін растау және меншік капиталы көлемі бойынша минималды талаптарды туралы құжаттар;
- басқару қызметіндегі жұмысшылар туралы мәліметтер;
- сақтандыру ережелері;
- ішкі аудит қызметі туралы ереже.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №9

1. Сақтандыру нарығының функциялары;
2. Қазақстанда сақтандыру нарығының құрылымы;
3. Қазақстандағы сақтандыру нарығының қазіргі жайдайы;
4. Қазақстанда сақтандыру нарығының даму болашағы;

СӨЖ тапсырмасы №9

1. Сақтандыру ұйымдарының түсінігі;
2. Қазіргі даму жағдайындағы Қазақстан Республикасындағы сақтандыру ұйымдары.

Тақырып 10. Инвестициялық компаниялар және қорлар.

Инвеститциялық компаниялар және қорлардың құрылуы мен қызметі және олардың ерекшеліктері. Инвеститциялық процестердегі инвестициялық компаниялар мен қорлардың ролі. Инвеститциялау стратегиясы. Тұрақты және өзгермелі бағалы қағаздар портфелі. Әрбір елдің айырмашылықтарын есепке ала отырып инвестициялық компаниялар мен қорлардың капиталын құру. Бағалы қағаздар портфелін басқару және капиталды орналастыру. Қаражаттарды салудың бағыттарын таңдау. Инвеститциялау жағдайына фундаменталдық және техникалық талдау.

Инвестициялық қор өзіндік акцияларды шығару әрі ашық орналастыру жолымен және тартылған қаражаттың есебіне бағалы қағаздардың инвестициялық портфелін қалыптастыру арқылы ақша қаражаттарын тарту бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаны білдіреді. Қазақстанда ол акционерлік қоғам формасында құрылады, кез келген заңды және жеке тұлға оның акционері бола алады.

Инвестициялық қордың екі негізгі типі: өзара қор және инвестициялық компания бөлініп көрсетіледі.

Өзара қор барлық тілек білдіруші инвесторлардың қаражатын тартатын және өздері айналысқа шығаратын акцияны өз акционерлерінен сатып алуға міндеттеме қабылдаған ашық инвестициялық қор болып табылады. Олар қосымша эмиссияны жүзеге асыру қажет болған жағдайда жалпы акционерлер жиналысының шешімсіз акцияны шектеусіз мөлшерде шығара алады. Ол артықшылығы бар акцияны шығармайды. Сонымен қатар, өзара қор былайша сипатталады: оның акциялары ұйымдастырылмаған нарықта айналысқа түседі, акцияға бағаны белгілеп отыру міндеттемесі заңмен анықталған.

Инвестициялық компания – бұл осы қордың құрылтайшылары және акционерлері болып табылатын бір немесе бірнеше заңды және жеке тұлғалардың қаражатын тартатын жабық инвестициялық қор. Өз акционерлерінің айналысқа шығарған акцияларын сатып алуға міндетті болмайды, ал оның жарғылық капиталы жалпы акционерлер жиналысының шешімсіз қосымша акцияларды шығару арқылы көбейтілмейді немесе акциялардың бір бөлігін өтеу арқылы кемітілмейді. Инвестициялық компанияның акциялары қор биржаларында айналысқа түседі. Компанияның күн сайын акция бағасын белгілейтін міндеттемесі болмайды, артықшылығы бар акцияны шығаруға құқығы бар.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №10

1. Инвестициялық қорлардың қызметін жүзеге асыру негіздері;
2. Инвестициялық қорлардың типтері және негізгі түрлері;
3. Инвестор түсінігі және оны тарту;

СӨЖ тапсырмасы №10

1. Қазақстан Республикасында инвестициялық қор қызметін жүзеге асыру;
2. Қазақстандағы инвестициялық саясат.

Тақырып 11. Қаржы нарығындағы брокерлік-дилерлік қызмет.

Қор нарығындағы кәсіби қызмет. Оны лицензиялаудың шарттары мен тәртібі. Қаржылық, техникалық және біліктілік талаптар. Брокерлер, брокерлік фирмалар, дилерлер және трейдерлер. Инвесторларды тарту.

Брокерлер және биржалар. Брокер-дилерлік компаниялардың мәмілелері. Биржалық мәмілелер, фьючерстік контрактілер және опциондар.

Брокерлік қызмет.

Брокер – биржаның кәсіби делдалы. Ол биржалық саудада клиенттің өкілі ретінде клиенттің атынан және клиент есебінен, немесе клиент атынан, бірақ өз

есебінен, өз атынан, бірақ клиент мүддесі үшін және клиент есебінен мәміле жасайды. Биржадағы делдалдық қызметі үшін клиент брокерге комиссиялық сыйақы төлейді.

Биржада ойдағыдай жұмыс істеуі үшін брокер бірсыпыра жағдайларды білуі тиіс:

Біріншіден, сауда объектісін – биржалық активті жан-жақты тандай білуі керек;

Екіншіден, өзі жұмыс істейтін биржаның тәртібін білуі керек;

Үшіншіден, биржалық сауда жүргізе білуі керек;

Төртіншіден, биржада өкілі болатын клиентімен дұрыс тіл таба білуі керек;

Бесіншіден, өзінің ұсынысы бойынша жасалған мәміленің табысын айыра білуі керек.

Брокер – биржалық саудаға кәсіби қатынасушы. Ол ұйымдасқан нарықта клиентке сатып алу – сату процесінде қызмет көрсетеді.

Дилерлік қызмет.

Дилер – ол биржалық саудаға мәмілені өз атынан және өз есебінен жасайтын кәсіби қатысушы. Дилер – заңды тұлға. Бағалы қағаздар нарығында дилер болу үшін лицензия алу керек.

Дилердің міндеттері:

- сату және сатып алу бағасын; сатылатын және сатып алынатын бағалы қағаздардың ең аз және ең көп мөлшерін; сонымен қоса мәлімденген бағаның мерзімін хабарлау;
- дилердің өз ұсынысы болмаған жағдайда клиенттің ұсынысы бойынша мәміле жасау;
- эмитенттің бағалы қағаздарымен операция жүргізгенде өзінде бар ақпаратты мәлімдеу немесе ондай ақпараттың өзінде жоқ екенін хабарлау;
- Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау Агенттігіне өз қызметі туралы есеп беру;
- бағалы қағаздармен жүргізілген операциялардың ішкі есебін ұйымдастыру.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №11

1. Банктер және олардың қаржы-делдалдық қызметі;
2. Қор биржасы,оның функциялары;
3. Қаржы делдалдарының негізгі категориялары;

СӨЖ тапсырмасы№11

1. Брокер және биржа;
2. Қазақстандық қор биржасы;
3. Қаржы нарығындағы брокерлік-дилерлік іс-әрекеттің даму болашағы.

Тақырып 12. ҚР ҰБ қаржы нарығындағы реттеуші орган ретінде.

Ұлттық банктің қызметтері, өкілеттілігі және міндеттері. Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы лицензиялау қызметі.

Реттеуші органның негізгі қызметтері: бағалы қағаздар нарығының қарқынды дамуын қамтамасыз ету, нормативтік актілер жүйесін құру және дамыту, реттеу жүйесін құру мен олардың тиімді жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету, нарық субъектілерінің қызметтерін қадағалау бойынша қызмет ету. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаментінің қызметтері мен өкілеттіліктері. Нарықтың кәсіби қатысушыларын лицензиялау. Заңдар, нормативтік актілер және нұсқауларды дайындауға қатысу.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мемлекеттің негізгі банкі ретінде қаржы нарығында өзіндік, сонымен бірге оның қаржы құралдары арқылы белсенді операция жүргізетін маманданған делдал және мемлекеттік реттеу органы ретінде роль атқарады.

ҚР ҰБ мемлекеттік қарыздарды орналастыру бойынша мемлекеттік агент бола отырып, ҚР Қаржы министрлігімен бірге мемлекеттік қарыздарды реттеуге қатысады және ҚР Үкіметі шығарған бағалы қағаздарды сатады және сатып алады. Сонымен қатар ол мемлекеттік бағалы қағаздардың жекелеген түрлерімен операция жүргізу бойынша клирингтік және есеп айырысу орталығының депозитарий функциясын атқарады.

ҚР ҰБ-нің ақша – несие саясатының басты міндеті – ақша бірлігінің тұрақты сатылу күшін сақтау және ақша қаражаттарымен есеп – айырысулардың икемді жүйесін қамтамасыз ету. Бұл саясат мемлекеттік жалпы экономикалық реттеудің негізгі бөліктерінің бірі, ол жоғарғы нарықтық конъюктураның сақталуына, өндірісте дағдарыстық жағдайлардың және жұмыссыздықты болдырмауға бағытталады.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №12

1. Ұлттық Банктің өкілеттігі;
2. Кәсіби нарық қатысушыларын лицензиялау;
3. Реттеуші органның негізгі функциялары, нормативтік актілерді құрудың және дамытудың жүйесі;

СӨЖ тапсырмасы №12

1. Ұлттық Банктің міндеттері;
2. Ұлттық Банктің заңдар, нормативтік актілер және инструкциялар жасауға қатынасуы.

Тақырып 13. Өзін-өзі реттеуші ұйымдар.

Қаржы нарығындағы кәсіби қатысушылардың өзін-өзі реттеу ұйымдарының ролі. Өзін-өзі реттеу ұйымдарының мәртебесі.

Өзін-өзі реттеу ұйымдарының тиімді қызмет нәтижесіндегі алғы шарттары ӨӨРҰ дайындаған тәртіптер мен стандарттар. ӨӨРҰ мүшелеріне қойылатын талаптар.

Коммерциялық банктердің, мемлекеттік емес зейнетақы қорлардың, брокер-дилерлердің, тіркеушілердің және т.б ассоциациялары.

Өзін - өзі реттейтін ұйым – бұл бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қауымдастық формасында, ерікті түрде, олардың кәсіби мүдделерін қорғау мақсатында құрылатын коммерциялық емес және мемлекеттік емес ұйым. Ол бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасайды.

Мемлекеттік реттеу жеткіліксіз болған жағдайда қаржы нарығының күрделенуі мен кеңеюіне байланысты инвестициялық бизнес қатысушыларының кәсіби қауымдастықтары пайда болады. Олар қауымдастық мүшелеріне ғана емес, биржалық сауда қатысушыларының кең шеңберде залал әкелетін жеке тұлғалардың әділетсіздігін іздеп табады. Өйткені, кәсіби адамдарға деген қоғамдық сенімділіктің төмендеуі олардың бизнестерінің негізін бұзады және пайданың азаюына әкеледі. Қаржы нарығының ішкі реттеуінде кәсіби қауымдастықтардың мүдделері көбіне мемлекеттің мүдделерімен сәйкес келеді.

Өзін - өзі реттейтін ұйым өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензия негізінде жүзеге асырады. ӨӨРҰ – ның әртүрлі түрлерін лицензиялаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Қор биржасы, бағам белгілеуші ұйым, Орталық депозитарий өздерінің тікелей қызметтері бойынша лицензиясын алғанда ӨӨРҰ мәртебесін қабылдайды, ал қауымдастық бұл мәртебені тек өздері қауымдастық ретінде лицензия алғаннан кейін ғана алады. Өзін - өзі реттейтін ұйымдарды құрудың мақсаты, қаржылық нарық қатысушыларының қызметтеріндегі белгілі бір бағыттардағы ішкі реттеу болып табылады.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының өзін - өзі реттейтін ұйымдарының негізгі міндеттері:

- бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларын тиімді қызмет ету үшін тиісті жағдайлармен қамтамасыз ету;
- бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары клиенттерінің және бағалы қағаздар иелерінің мүдделерін қорғау;
- бағалы қағаздармен операцияларды жүргізудің ережелері мен стандарттарын жасау.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №13

1. Өзіндік реттеу ұйымдарының қызметін жүзеге асыру негізі;
2. Қазақстандағы өзіндік реттеу ұйымдары және олардың маңызы;
3. Өзіндік реттеу ұйымдарының міндеттері;

СӨЖ тапсырмасы №13

1. Өзіндік реттеу ұйымдарының статусы;
2. Қазақстанда мемлекеттік реттеу ұйымдары.

Тақырып 14. Қазақстанның қаржы нарығының даму стратегиясы.

Қ.Р.-да қаржы нарығының негізгі бағыттары. Инвестициялық салымдарды ынталандыру. Банктер қызметінің нығайту және олардың қаржылық нарықта белсендіруі. Заңнаманың жетілуі.

Қаржы нарығының әртүрлі сегменттерінде табыстылықтың теңдесуі. Қаржы нарығын дамытудың мемлекеттік қолдауы.

Қазақстан Республикасы қаржы нарығының одан әрі қарай дамуы, оның құраушыларының тиімділігінің жоғарылауы ҚР Президентінің 2006 ж. 1 наурызындағы «Бәсекеге қабілетті 50 дамушы елдердің қатарына ену Стратегиясы» атты Жолдауында көрсетілгендей Республикамызды дамушы 50 бәсекеге қабілетті елдердің қатарына енуін қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты қазақстандық экономикасы дамуының негізгі бағыттары:

Қазақстанның ішкі экономикалық жүйелерін модернизациялау;

Қазақстанның аймақтық экономикалық және оның ТМД мен Орталық Азияның бизнес – орталығы ретінде көшбасшылығын қамтамасыз ету;

Республика экономикасының экспортқа бағытталуын көтеру, соның ішінде қаржы нарығының экспорты;

ТМД және Орталық Азияда өтімді және қолжетімді Қазақстанның бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру;

ТМД және Орталық Азия аймақтарын қаржылық ресурстармен қамтамасыз ете алатын қазақстандық қаржы институттарын аймақтағы ірі қаржы ұйымдары ретінде қалыптастыру, сондай – ақ инвестицияларды және аймақтық нарықтарға қазақстандық кәсіпорындардың қызығушылықтарын қолдау;

Қазақстанның қаржы секторының экономикасы дамыған елдердің стандарттарына көрсеткіштер бойынша жетуі: тұрақтылық, ашықтылық, сондай – ақ қаржы өнімдерінің әртүрлілігі, сапалығы және деңгейі бойынша ТМД және Орталық Азияда көшбасшы болуы.

Тәжірибе сабағының тапсырмалары

Семинар жұмысы №14

1. Инвестициялық салымдарды ынталандыру;

2. Заң шығаруды дамыту.

3. Банк қызметінің бекуі және олардың қаржы нарығында активтенуі;

4. Қаржы нарығының әртүрлі сегменттерінің табыстылығын теңестіру.

СӨЖ тапсырмасы №14

№	Тапсырма мазмұны	Орындалу түрі	Тапсыру мерзімі
1	Қаржы нарығының инфрақұрылымы және оның негізгі элементтері	Баяндама жасау	1 апта
2	Капитал нарығы	Конспект жасау	2 апта
3	Ақша нарығы	Сызба құрастыру	3 апта
4	Валюталық нарықтар	Пікір таласқа дайындалу	4-5 апта
5	Бағалы қағаздар нарығы	Реферат дайындау	6 апта
6	Әлемдік қаржы нарығы	Конспект жасау	7 апта
7	Қаржы нарығындағы коммерциялық банктердің іс-әрекеті	Баяндама жасау	8 апта
8	Зейнетақы қорлары	Конспект жасау	9 апта
9	Сақтандыру компаниялары	Пікір таласқа дайындалу	10 апта
10	Инвестициялық компаниялар және қорлар	Сызба құрастыру	11 апта
11	Қаржы нарығындағы брокерлік-диллерлік қызмет	Пікір таласқа дайындалу	12 апта
12	ҚР-ң ҰБ-і қаржы нарығындағы реттеуші орган ретінде	Реферат дайындау	13 апта
13	Өзін-өзі реттеуші ұйымдар	Конспект жасау	14 апта
14	Қазақстандағы қаржы нарығының даму стратегиясы	Баяндама жасау	15 апта

Термин сөздер

Ақшалық мультипликатор – 1 долларға ақша базасының өлуімен байланысты ақша сұранымының артуы.

Ақша массасы – шаруашылық айналымға қызмет ететін және тұлғаларға, кәсіпорындарға және мемлекетке жататын, айналымға шығарылған барлық металл және қағаз ақшалардың көлемі.

Авуарлар – төлемдер мен міндеттерді өтеуге мүлкін болатын кең мағынадағы активтер (ақша қаражаттар, чектер, вексельдер, аударымдар, аккредитивтер). Сөздің тар мағынасында - өтіледі активтер.

Аккредитив – банк импортерімен шығарылатын басқа банк экспорттерға (немесе келісімде анықталған өзге де тұлғаға) белгіленген талаптарды орындауыннан кейін белгілі бір ақша сомасын төлеуге міндетті болатын, қаржылық құжат.

Агенттік облигация - қаржы агенттігі шығаратын облигация;

Айқын басым көпшілік – акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде төрттен үш бөлігі мөлшеріндегі көпшілік;

Айырбасталатын бағалы қағаз – акционерлік қоғамның шығару проспектісімен айқындалатын талаптар мен тәртіп арқылы оның бағалы қағазының басқа түріне айырбасталуға жататын бағалы қағазы;

Акционер- акцияның меншік иесі болып табылатын адам;

Акция – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз;

Акциялардың бақылау пакеті – акционерлік қоғамның жарғысында көзделетін және акционерлік қоғам қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқық беретін акциялар пакеті;

Акцияның нақтылы құны – құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) төлейтін жарғылық капиталды қалыптастыруға қатысатын және акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарында белгіленген акция құнының ақшалай көрінісі;

Андеррайтер - бағалы қағаздар рыногының брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсететін кәсіби қатысушысы;

Акционерлік инвестициялық қор - қызметінің айрықша түрі осы Заңда белгіленген талаптарға және өзінің инвестициялық декларациясына сәйкес осы қоғамның акционерлері оның акцияларын төлеу үшін қосқан ақшаны, сондай-ақ осындай инвестициялау нәтижесінде алынған активтерді жинақтау мен инвестициялау болып табылатын акционерлік қоғам;

Айырбастау пункттері - шетел валютасымен айырбастау операциялары жүргізілетін арнайы жабдықталған

Әлеуметтік жеке код – азаматқа, сондай –ақ осы Заңға сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру құқығы қолданылатын адамдарға берілетін тұрақты жеке код;

Бағалармен айла-шарғы жасау - бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде бағалы қағаздарға белгіленген бағадан жоғары немесе төмен баға белгілеуге бағытталған іс-әрекеттері;

Бағалы қағаз - мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы;

Бағалы қағаздардың бағасын белгілеу - ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында белгілі бір уақыт кезінде бағалы қағаздар бойынша сұранымның және (немесе) ұсынымның жарияланған бағасы;

Басқарушы компания - инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензия негізінде инвестициялық қор активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы.

Бағалы қағаздардың қайталама рыногы - орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар рыногының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастар;

Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы - өз қызметін бағалы қағаздар рыногында лицензия негізінде не заң актілеріне сәйкес жүзеге асыратын және акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында қызмет істейтін (трансфер-агентті қоспағанда) заңды тұлға;

Бастапқы бағалы қағаздар рыногы - эмитенттің бұрын қайталама бағалы қағаздар рыногында өзі сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздарын бұдан әрі орналастыруын қоспағанда, эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы;

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау - нақтылы ұстау шартына не осы Заңға сәйкес бағалы қағаздарда ұстаушылардың атынан және есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды

есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерін тіркеу;

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі - эмитент, эмиссиялық бағалы қағаздар және белгілі бір уақыт кезінде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша оларды ұстаушылардың құқықтарын бірдейлендіруді, бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін ұстаушылар туралы мәліметтердің жиынтығы, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналысқа немесе құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес өзге де мәліметтер;

Базалық актив - стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де көрсеткіштер;

Банк – ақша қаражаттар мен қорларды жинайтын, несиелік ресурстарды ұсынатын, сондай-ақ өзара байланысты төлемдерде және мемлекет, кәсіпорындар, ұйымдар және басқа да тұлғалар арасындағы есеп айырысуда делдалдық қызметті жүзеге асыратын, ақшалай ресурстар мен бағалы қағаздар эмиссиясын, алтынмен операцияларды және басқа функцияларды іске асыратын, қаржылық мекеме.

Банктік операциялар – ақша қаражаттар тарту мен орналастыру, қарыз беру, клиенттерге есептік қызмет көрсету және олардың басқа да талаптарын орындау бойынша банктердің операциялары.

Биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу ұйымы - акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушы клиенттердің арасында баға белгілеу арқылы айырбастау жүйесін пайдалану мен қолдау арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

Брокер - бағалы қағаздар рыногының клиенттің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүдделерін көздеп, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушысы;

Бұйрық - қаржы құралдарын ұстаушы (сатып алушы) өзіне тиесілі қаржы құралдарына немесе қаржы құралдарын сатып алуға арналған ақшаға қатысты белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруды көрсете отырып, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысына табыс ететін құжат;

Валюта - мемлекеттердің заңды төлем қаражаты ретінде қабылдаған ақша бірлігі немесе банкноттар, қазынашылық билеттер және монеталар, оның ішінде қымбат металдардан жасалған монеталар (айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыста жүрген ақша белгілеріне айырбасталуға жататынын қоса алғанда) түріндегі қолма-қол және қолма-қол емес ақша нысанындағы құнның ресми стандарттары, сондай-ақ шоттардағы, оның ішінде халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі қаражат;

Валюталық операциялар-валюталық құндылықтарға меншік құқығының және өзге де құқықтардың көшуіне, сондай-ақ валюталық құндылықтарды төлем қаражаты ретінде пайдалануға байланысты операциялар;

Валюталық шарт - өзгерістері мен толықтыруларын қоса алғандағы келісім,

құрылтай құжаттары, сондай-ақ солардың негізінде және (немесе) оларды орындау үшін валюталық операциялар жүзеге асырылатын өзге де құжаттар;

Дауыс беретін акциялар – акционерлік қоғамның осы Заңда көзделген жағдайларда дауыс беру құқығы беріліп, орналастырылған жай және артықшылықты акциялары;

Депозитарийлік қызмет - басқа нақтылы ұстаушылар үшін бағалы қағаздарды нақтылы ұстау қызметін көрсету және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру жөніндегі қызмет;

Депозитарийлік қолхат - осы депозитарийлік қолхаттың базалық активі болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;

Депонент - орталық депозитарийдің клиенті болып табылатын ұйым;

Депозитке салу - орталық депозитарийдің депоненттер мен олардың клиенттерінің қаржы құралдарын есепке алуы;

Дефолт - эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы;

Дилер - бағалы қағаздар рыногының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында оған тікелей кіру құқығымен өз мүдделерін көздеп және өз есебінен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын кәсіби қатысушысы;

Диверсификация – зейнетақы активтерінің жоғалып кету қатерін азайту мақсатында оларды уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес қаржы құралдарына орналастыру;

Дивиденд – акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша акционерлік қоғам төлейтін кірісі;

Екі жақты сақтандыру - белгілі бір қауіп-қатердің екі сақтандырушыға сақтандыру. Мұнда сақтандырушылардың объекті сақтандырған сома қосындысы оның алғашқы сақтандыру құнынан асып түседі. Қолданылып жүрген заңға сәйкес мұндай жағдайда ер сақтандырушы сақтандыру келісімінде өз үлестерінің көлеміндей жауап береді.

Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшысы – ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес өзінің жеке қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын салуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

Ерікті зейнетақы жарналары – Қазақстан республикасының заңдарына және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленетін тәртіппен салымшылардың өз бастамасымен алушының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы;

Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының Үкіметті белгілейтін кәсіптер тізбесі бойынша және Қазақстан Республикасының заңдарында және ерікті кәсіптік зейнетақы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен

салымшылардың өз бастамасымен қызметкерлердің пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы;

Ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы – жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін, ерікті зейнетақы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты белгіленетін төлемнің мөлшері;

Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы – жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты және осы заңға белгіленген төлемнің мөлшері;

Жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздар - шығарылуын уәкілетті орган тіркеген бағалы қағаздар;

Жүктерді сақтандыру - жүк сақтандырудың негізгі шарттары — қауіп-қатердің барлық түрлеріне жауапкершілігі. Сақтандырудың бұл түрінде жалпы апат шығындарының, шеккен зияндықтардың, төленген жарналардың, сонымен қатар қандай себептерден болса да сақтандырылған мүліктің, заттың бүліну, жоғалу, толық апатқа ұшырауының орны толтырылады. Сақтандырылмайтын қауіп-қатерлерге: соғыс қаупі, тікелей не жанама радиация әсері, сақтанушының салақтығы мен арам ниетті істері, жүктің ескеруге жатпайтын ерекше қасиеттері мен жүкті тасу өзгешеліктеріне байланысты басқа да қауіп-қатерлер жатады. Міндетке алынған қауіп-қатерлерден тыс қалғандары екі жақтық келісім бойынша қосымша сыйлық-төлем арқылы сақтандырылады.

Жинақтаушы зейнетақы қоры – зейнетақы жарналарын тартуды және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай – ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті, жүзеге асыратын заңды тұлға;

Жинақталған зейнетақы қаражаты – міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсіпұлды және шарттарға, осы Заңға қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес өзгеде түсімдерді қоса алғанда, салымшының (алушының) жеке зейнетақы шоттарында есептелетін ақша;

Жинақталған зейнетақы қаражатының нақты құны – жинақталған зейнетақы қаражатының Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасының уәкілетті органы есептен шығаратын тұтыну бағалары индексіне үйлестірілген нақты құны;

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт – зейнетақы жарналарымен, жинақталған қаражаттарымен және төлемдералумен байланысты құқықтық қатынастарды белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы, бір жағынан жинақтаушы зейнетақы қоры және екінші жағынан салымшы мен алушы жасасатын шарт (келісім);

Зейнетақылық аннуитетшарты – сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтандырушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойына немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді;

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым - жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

Зейнетақы активтері – зейнетақы төлемдерімен аударымдарын; сондай – ақ жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары;

Зейнетақы төлемдері :орталықтан – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жай – күйі бойынша кемінде алты ай еңбек стажы бар жеке адамдарға заңдарда белгіленген тәртіппен еңбек стажына бара – бар түрде жүзеге асыратын ақма қаражатын төлеу;

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан алушыларға Қазақстан республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу;

Зейнетақы – Орталықтан, жинаушы зейнетқы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы;

Зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі – алушы) – орталықтан зейнетақы тағайындалған және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке адам;

Инвестициялар - лизинг шартын жасасқан кезден бастап лизинг заттарын қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына инвестор салатын мүліктің (жеке тұтынуға арналған тауарларды қоспағанда) барлық түрі, сондай-ақ оларға құқықтар немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді көбейту;

Инвестициялық портфель - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әр түрлі қаржы құралдарының жиынтығы не инвестициялық қорлар туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қордың мүлкі;

Инвестициялық кіріс – жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижесінде алынатын ақша;

Жеке зейнетақы шоты – салымшының (алушының) жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке атаулы шоты, онда қазақстан республикасының заңдарына сәйкес оның міндетті не ерікті зейнетақы жарналары немесе еріктік кәсіптік зейнетақы жарналары, инвестициялық кірісі, өсімпұл және өзгеде түсімдер есепке алынады және содан зейнетақы төлемдері төленеді;

Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушы- бағалы қағаздар рыногының азаматтық құқық объектілерін басқару жөніндегі қызметті өз атынан, клиенттің мүдделерін көздеп және соның есебінен жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы;

Инвестор - Қазақстан Республикасында инвестицияны жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

Институционалдық инвестор - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес инвестицияны жүзеге асыру мақсатымен қаражат тартушы заңды тұлға;

инвестициялық қордың активтері - акционерлік инвестициялық қорға тиесілі немесе инвестициялық пай қорын құрайтын активтер жиынтығы;

Инвестициялық декларация - инвестициялау объектілерінің тізбесін, инвестициялық қор активтеріне қатысты инвестициялық қызмет мақсатын, стратегиясын, шарттарын және оны шектеуді, қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын айқындайтын құжат;

Инвестициялық шешім - инвестициялық қордың активтерін басқару процесінде қабылданатын оның активтерімен мәміле жасасу туралы шешім;

Инвестициялық кіріс - инвестициялық қор активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған олардың ақшалай көрінісіндегі өсімі;

Инвестициялық қор - заңға сәйкес құрылған акционерлік немесе инвестициялық пай қоры;

Инвестициялық пай қоры - пайға, сондай-ақ оларды инвестициялау нәтижесінде сатып алынған өзге де активтерге ақы төлеуден алынған, пайларды ұстаушыларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі және басқарушы компанияның басқаруындағы ақша жиынтығы;

Инвестициялық пай қорының ережесі - инвестициялық пай қорының мақсаттарын, жұмыс істеу және жұмыс істеуін тоқтату шарттары мен тәртібін айқындайтын құжат;

Инвестициялық жоба - Қордың инвестицияларын көздейтін іс-шаралар кешені;

Инфрақұрылымдық облигация — эмитент міндеттемелерінің орындалуы мемлекет пен эмитент арасында мемлекетке берілетін объектінің құнының сомасына сәйкес жасалған инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілгерлігімен қамтамасыз етілген облигация;

Ипотекалық облигация - ипотекалық қарыз шарттары бойынша талап ету құқығы кепілімен (ипотекалық куәліктердің кепілін қоса алғанда), сондай-ақ тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленетін өзге де жоғары өтімді активтер кепілімен қамтамасыз етілген облигация;

Инвестициялық қордың таза активтерінің құны - инвестициялық қордың барлық активтерінің құны мен оның инвестициялық қор активтері есебінен төленуге жататын міндеттемелері не есептелген шығыстары арасындағы айырма ретінде айқындалатын инвестициялық қор активтері құнының ақшалай көрінісі;

Кастодиондық шарт – кастодион банк пен оның клиенті жасасатын бағалы қағаздар мен ақшаны жауапкершілікпен сақтау және есепке алу туралы шарт;

Қазақстанның инвестициялық қорының инвестициялары - қордың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасы резиденттерінің-акционерлік қоғамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына Қордың салымдары;

Қазақстанның қордың инвестициялық қызметі - ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестиция салуды, инвестициялық жобалар бойынша ақпарат жинау мен өңдеуді, маркетингтік, инжинирингтік және өзге де зерттеулерді, жоспарлы-болжамдық және жобалау-сметалық құжаттаманы қамтамасыз етуге қатысуды, сондай-ақ инвестицияларға бақылау ұйымдастыруды қамтитын, Қордың инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты қызметі;

Қазақстандық депозитарийлік қолхат - Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттің басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздарының белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;

Қамтамасыз етілген облигация - эмитент міндеттемелерін орындау эмитент мүлкінің кепілімен, банк кепілдігімен қамтамасыз етілген облигация;

Кастодиан - бағалы қағаздар рыногының қаржы құралдарының және клиенттер ақшасының есебін алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжатты қаржы құралдарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып оларды сақтауды және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы;

Қаржы агенттігі - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті және осы мақсатта Қазақстан Республикасының қаржы рыногында және (немесе) халықаралық қаржы рыногында қарыз алуды жүзеге асыратын банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

Қаржы құралы - қаржы рыногының Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберілген бағалы қағаздары (туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда) мен өзге де активтері;

Қаржы құралдарын материалсыздандыру - құжатты нысанда шығарылған қаржы құралдары куәландыратын құқықтарды растау тәсілін осы құқықтарды орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі электрондық жазбалармен растау арқылы өзгерту;

Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг - қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу нәтижесінде жүзеге асырылатын есеп айырысуға қатысушы тараптардың өзара талаптары мен міндеттемелерінің есебі;

Қаржы рыногы - қаржы қызметін көрсету мен тұтынуға және қаржы құралдарының айналысына байланысты қатынастардың жиынтығы;

Қаржылық ұйым - қаржылық қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

Қаржы рыногындағы кәсіби қызмет - қаржылық қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

Қарыз.Несие.- ақша немесе тауар түріндегі қарыз, яғни ақшаны немесе тауарларды пайыз төлеумен қарызға беру (қайтарылу талабымен уақытша қолдану); несие беруші мен қарыз алушы арасындағы экономикалық қатынасты білдіреді. Банктік, коммерциялық, мемлекеттік, тұтынушылық сияқты болады.

Қоғамның аффицирленген тұлғасы – шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) акционерлік қоғам қабылдайтын шешімге, оның ішінде ауызша шартты қоса алғанда, шартқа немесе өзге де мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар тұлға (оның қызметін берілген өкілеттіліктер шеңберінде реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай – ақ өзіне қатысты акционерлік қоғамның осындай құқығы бар кез келген тұлға;

Коносамент – бұл су жолымен тасымалданатын, жүктерді жөнелтушіге тасымалдаушымен берілетін көлік құжаты, ол жүктерді тасымалдауға қабылдануын дәлелдейді және тасымалдаушының жүкті қабылдаушыға жүкті беруді міндетін арттырады.

Қор биржасы - акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

Клиент - бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы көрсететін қызметті пайдаланушы немесе пайдаланғысы келетін тұлға;

Клиринг - өзара талаптар мен міндеттерді есептеуге негізделген қор биржасындағы контрагенттер арасындағы қолма-қолсыз есеп айырысу жүйесі.

Клирингтік талаптар. Есеп айырысу палаталары – биржалық операциялар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын, оларды тіркейтін, сондай-ақ олардың орындалуына гарант болатын ұйым.

Құжатты бағалы қағаздар - құжатты нысанда шығарылған (қағаздағы немесе арнайы техникалық құралдарды пайдаланбай-ақ бағалы қағаздың мазмұнын тікелей оқуға болатын өзге де материалдық берілім көзіндегі) бағалы қағаздар;

Құжатсыз бағалы қағаз - құжатсыз нысанда (электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаз;

Левередж - эмитенттің міндеттемелері мен өз капиталы мөлшерлерінің арақатынасы;

Листинг - бағалы қағаздарды қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына енгізу, оған енгізу және сол санатта болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингтік) талаптар белгіленген;

Лицензиат - уәкілетті орган берген лицензия негізінде бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар - мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылмайтын акциялар, облигациялар және өзге де эмиссиялық бағалы қағаздар;

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз - қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болатын қарыз алуға қатысы жөнінен ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз;

Мүдделер қақтығысы - бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары мен олардың клиенттерінің мүдделері бір-біріне сай келмейтін жағдай;

Мәміле паспорты - валюталық операциялар бойынша есепке алуды және есептілікті қамтамасыз ету үшін қажетті сыртқы экономикалық мәміле туралы мәліметтер көрсетілетін белгіленген нысандағы құжат;

Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы – міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан және жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға;

Міндетті зейнетақы жарналары – осы заңға сәйкес, жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен салынатын ақша;

Міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы – салымшының зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірісіне проценттік қатынаспен көрсетілген жинақтаушы зейнетақы қорына төлем мөлшері,

Нақтылы ұстауды есепке алу жүйесі - бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысының уақыттың белгілі бір кезінде оларды бірдейлендіруді, бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін бағалы қағаздарды ұстаушылар мен оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтер бар, нақтылы ұстау қызметін көрсететін есеп беру жүйесі, сондай-ақ осы бағалы қағаздардың айналысқа немесе олар бойынша құқықтарды жүзеге асыруға арналып тіркелген шектеулердің сипаты және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге де мәліметтер;

Облигация – нақты пайыз төленетін қарыз міндеттемесі, ол мемлекет пен корпорациялардың қор нағында қаржы ресурстарын шоғырландыруға мүмкіндік беретін құралдардың бірі.

Облигацияның нақтылы құны - облигация құнының ол шығарылған кезде белгіленген, купондық облигация бойынша процентпен көрсетілген сыйақы есептелетін ақшалай көрінісі, сондай-ақ облигацияны өтеген кезде оны ұстаушыға төленуге тиісті сома;

Өзін-өзі реттейтін ұйым - бағалы қағаздар рыногында өз қызметінің бірыңғай ережелері мен стандарттарын белгілеу мақсатымен қауымдастық (одақ) нысанында бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары құрған заңды тұлға;

Оқшаулау - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінде және нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге бағалы қағаздардың сақталуына кепілдік беру мақсатында жүзеге асырылатын уақытша тыйым салу;

Орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздар - бастапқы бағалы қағаздар рыногында инвесторлар толық төлеген эмиссиялық бағалы қағаздар;

Орналастырылған акциялар – акционерлік қоғамның бағалы қағаздардың ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйым;

Орналастыру бағасы- акцияларды бастапқы бағалы қағаздар рыногына орналастырған кезде акцияның белгіленетін бағасы.

Опцион – белгіленген нысандағы туынды бағалы қағаз, оны сатып алушы белгілі бір мерзім өткеннен кейін опционда айтылған базалық активті келісілген баға бойынша сатып алу немесе сату құқығына ие болады;

Орталық депозитарий - негізгі функциясы депозитарийлік қызметті жүзеге асыру болып табылатын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым;

Пайды сатып алу - басқарушы компанияның пайды ұстаушыдан оны сатып алу арқылы инвестициялық пай қорының активтерін сенімгерлік басқару шартын бұзу;

Пай ұстаушы - инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар тізілімі

жүйесінде немесе нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шоты бар және инвестициялық пай қорының пайлары бойынша құқықтары бар тұлға;
Эртаратандыру - инвестициялық қор активтерін олардың құнының төмендеу қаупін азайту мақсатында түрлі қаржы құралдарына және өзге мүлікке орналастыру;

Пайдың нақтылы құны - инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезіндегі пай құнының ақшалай көрінісі;

Пай- инвестициялық пай қорындағы оның иесінің үлесін, инвестициялық пай қоры жұмыс істеуін тоқтатқан кезде оның активтерін өткізуден алынған ақшаны алу құқығын, сондай-ақ осы Заңда айқындалған инвестициялық пай қоры қызметінің ерекшеліктеріне байланысты өзге де құқықтарды растайтын, шығарылымы құжаттандырылмаған нысандағы атаулы эмиссиялық бағалы қағаз;

Пайларды бастапқы орналастыру - инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшерін қалыптастыру мақсатында пайларды нақтылы құны бойынша орналастыру кезеңі;

Пайдың есептелу құны - инвестициялық пай қорының таза активтерінің құнын оның айналыстағы пайларының санына бөлу арқылы айқындалатын пай құнының ақшалай көрінісі;

Пруденциалдық норматив – жинақтаушы зейнетақы қорының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан республикасының заңдарында белгіленетін экономикалық талаптар;

Рейтинг - белгілі бір эмитенттің шамамен алғандағы кредит қабілетін немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенімділігін белгілейтін бағаның жеке сан және әріп көрсеткіші;

Сатып алу сомасы – зейнетақы аннуитеті шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) сақтандыру ұйымынан алуға құқығы бар ақша сомасы;

Сенімгерлік басқару шарты - осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес ақшаны сенімгерлік басқаруға беру туралы басқарушы компанияның акционерлік инвестициялық қормен немесе инвестициялық пай қорының инвесторымен жасайтын инвестициялық қор активтерін құрайтын инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарт;

Сақтық қорғау-бұл сақтандыру объектісіне тигізетін шығындарды төзу немесе өтеу әсерінен қатынасты эртаратандыру жиынтығы.

Сақтандыру мүддесі- бұл мүдделі тұлғалардың сақтандыруда қатысу экономикалық қажеттілігі.

Сақтандырушы-бұл (эрқашан сақтандыру компаниясы) ұсынылған немесе келісілген сақтандыру шартымен сәйкес сақтандыру жағдайы пайда болған кезде сақтандырылушыға шартта айқындалған соманың шегінде сақтандыру шығындарын өтеуге міндетті заңды тұлға. Сақтандыру шарттарын жасасу және орындау қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлға;

Сақтанушы- бұл сақтандыру объектісінде мүддесі бар, өзінің мүддесін қамтамасыз ету мақсатында және сақтандыру сомасын төлейтін, сақтандырушымен шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға.

Сақтандырылған – бұл жеке тұлға өмір, денсаулық, еңбек қабілеті, жеке сақтандыру бойынша ол қорғау объектісі болып табылады, бір уақытта сақтанушы да болса алады, егер сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін төлейтін болса.

Сақтандыру агенті - берілген өкілеттігіне сәйкес сақтандыру ұйымының атынан және тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

Сақтандыру брокері - сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті, өз атынан және сақтанушының тапсыруымен сақтандыру шарттарын немесе өз атынан және цеденттің тапсыруымен қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

Сақтандыру объектісі – бұл сақтандыруға жататын материалдық құндылықтар, өмір, денсаулық, жауапкершілік.

Сақтандыру заты- бұл нақты сақтандыру объектісі.

Сақтандыру сыйлығы - сақтандыру келісінде көрсетілген қауіп-қатерге душар болған жағдайдағы шығын көлемін сақтанушыға, не оның мұрагеріне төлеуді өз міндетіне алғаны үшін сақтандырушыға сақтанушының төлейтін ақысы, беретін сыйлығы,

Сақтандыру актісі - сақтандыру төлемін төлеуге негіз болатын қауіп пайда болғанда мемлекеттік сақтандыру орындарының тексерушілері жасайтын құжат.

Сақтандыру жарнасы - 1)сақтандырылған мүлікке келтірілген шығынның орнын толтыруға мүмкіндік туғызуға, не болмаса сақтанушының өмірінде белгілі бір оқиға пайда болғанда, мысалы, т±рақты немесе уақытша ж±мысқа жарамсыздықтан сақтандыру мақсатында төленетін сома.

Сақтандыру полисі (франц. police, итал. polizza - рас-писка, квитанция — қол жазба, түбіртек) — жеке адамға, не мекемеге сақтандыру шартының жағдайын көрсетіп сақтандыру орнының беретін құжаты. Сақтандыру полисінде сақтандырылған объектер, сақтандыру сомасы мен төленетін жарнасы, сонымен қатар сақтандырудың негізгі міндеттері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Сақтандыру оқиғасы - бола қойған жағдайда заңға немесе шартқа сәйкес сақтандырушының сақтандыру сомасын төлеуге міндеттілігі.

Сақтандыру қоры - төтенше қолайсыз, дүлей апат, сөтсіз оқиғалар болған кезде қоғамдық ұлғаймалы ұдайы өндірісті, оның ішінде жұмыс күшін қалпына келтіруді қамтамасыз етуге арналған материалдық (мүлік) заттық және ақшалай қаражат қоры.

Сақтандырушы — шартта келісілген сақтандыру қатерлерінен пайда болған шығындардың орнын толтыру үшін белгілі бір төлемге міндет алған қоғамның заңды к±қығы бар мекеме.

Сақтандыру компаниялары, серіктестіктері - сақтандырушы қызметін

атқаратын, яғни сақтанушыға сақтандыру оқиғалары (қауіп-қатерлер) пайда болған жағдайда шығынын өтеуге міндеттеме алған мекемелер.

Сақтандыру тәуекелдері - апатты, қауіпті, қатерлі, күтпеген кездейсоқ жағдайлар. Мұндай жағдайлар кездесе қалғанда жағдайда сақтанушының сақтандырылған сомасының орнын толтыруды, яғни шығынын өтеуді сақтандырушы өз міндетіне алады. Күтілген оқиғалар емес, кездесуі ықтимал қауіп-қатерлер ғана сақтандырынады. Қауіп-қатердің сақтандыру түрлері сақтандыру келісімінде нақты көрсетілуі тиіс.

Сақтандыру жауапкершілігі – бұл нақты келісім шартпен қарастырылған сақтанушының мүддесін қорғау бойынша сақтандырушының құқықтары мен мүдделерінің жиынтығы.

Сақтандырушының жауапкершілік лимиті-бұл сақтандыру шартынан шығатын және сақтандыру полисінде көрсетілетін сақтандырушының максималды мүмкін жауапкершілігі.

Сақтандыру төлемін немесе сақтандыру сомасын алушы-бұл сақтандыру шарты бойынша сәйкес ақша қаражаттарды алуға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға

Сақтандыру полисі- сақтандырушымен берілетін және сақтандыру келісім шартын растайтын құжат, ол келісілген келісімнің шарттарын қамтиді

Сақтандырудың ережелері-бұл сақтандыру келісім шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын сақтандыру шарттары, сақтандыру объектісі, сақтандыру жағдайлары мен ерекшеліктерінің тізімдері, олардың негізінде сақтандырушы, көбінесе, жауапкершіліктен (форс-мажорлық деп аталатын дағдайлар) босатылады.

Сақтандыру бағасы- бұл сақтандыру шартын келісу мақсатында сақтандыру объектісінің белгілі бір құны.

Сақтық қамсыздандыру- бұл сақтандыруға қабылданған мүлікке қатысты бойынша сақтандыру бағасының деңгейі.

Сақтандыру сомасы-бұл мүлік, өмір, денсаулық сақтандырылған ақша қаражаттардың сомасы.

Сақтандыру тарифі – бұл сақтандыру сомасы бірлігінен рубльде анықталған төлем немесе сақтандыру қорын қалыптастыру үшін қызмет ететін сақтандыру сомасы жиынтығынан пайыздық ставка.

Сақтандыру сыйлықақысы – бұл сақтандырушыға зиян келтіру бойынша өзіне міндеттемелер қабылдағаны үшін сақтанушы төлейтін сақтандыру төлемінің сомасы

Сақтандыру мерзімі –бұл сақтандыру объектісі сақтандырылған аралығындағы уақыт кезеңі.

Сақтандыру өрісі –сақтандыруға мүлкін болатын объектілердің максималды саны.

Сақтандыру портфелі (1)- бұл сақтандырылған объектілердің немесе сақтандырушы ісінде құжатпен айқындалған сақтандыру келісімдер қадамдарының мөлшері

Сақтандыру медицинасы - сақтандыру қорынан халыққа дәрігерлік қызмет көрсетудің бір түрі. Сақтандыру қоры бюджеттік қаржыдан, кәсіпорындар мен

мекемелердің, азаматтардың жарнасынан кәсіпкерлерге аралады. Сонымен қатар өндірісте жұмыс атқаруға қолайсыз жағдайлар салдарынан, қауіпсіз технология, техникамен қамтамасыз етілмегендіктен жұмыскерлер мен қызметкерлердің зардап шегуіне, денсаулығынан айырылуына себепкер болған кәсіпорындардан алынған ақшалай айыптар да медициналық (дәрігерлік) қорға түседі.

Сақтандыру портфелі (2) – бұл белгілі бір кезеңде сақтандырушы қабылдаған сақтандыру тәуекелдерінің жиынтығы.

Сақтандыру жасы-бұл азаматтардың сақтандыруға қабылданатын немесе ауыл шаруашылық сақтандыруға алынатын шекті көрсететін жастық топтар

Сақтандыру жағдайы- бұл сақтандыру шартымен айқындалған оқиға немесе оқиғалар жиынтығы, олардың туындауымен заң күшімен немесе әрекеттегі сақтандыру келісімімен сақтандырушы зиянды өтеу бойынша өзінің міндеттерін жүзеге асыруға міндетті

Сақтық зиян- бұл толықтай апатқа ұшырағанның немесе сақтандыру бағасы бойынша сақтандыру мүлгі бөлігінің құнсызданған құны.

Сақтандыру төлемі- бұл сақтандыру қорынан төленген сома, мүліктік сақтандыру мен азаматтық жауапкершілікті сақтандырудағы зиянды өтеу. Сақтандыру келісім шартында негізделген сақтандыру сомасына тең немесе төмен болуы мүмкін.

Сақтық шағым – бұл сақтандыру шартымен қарастырылған кездейсоқтықтың нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының құндылығына байланысты сақтандырушымен сақтандырушыға ұсынатын талабы.

Сақтандыру қоры-бұл сақтандырушы қаражаттарын ақшаланған қоры.

Сақтық агенттер – олар клиенттермен сақтандыру келісімдерін жасайтын сақтандыру компанияларының қызметкерлері болып табылады “А” классының агенттері мен субагенттері болады.

Сақтық брокерлер (маклер) – олар клиенттердің запасы бойынша жұмыс жасайды және де оларға барлық қажетті талаптарға жауап беретін сақтандыру компанияларын іздейді және зиянның пайда болуы кезінде клиенттердің мүддесін көздеп, сақтандырушымен келіссөз жүргізеді.

Сақтандыру сыйлықақысы – бұл сақтандыру қызметінің бағасы, мәні қаржылық тәуекелдің сандарын төмендетулерге және сақтандыру жағдайы туынданған кезде сақтандыру төлемін төлеу міндеттілігінде

Сақтық тариф- бұл базаға сыйлықақы мөлшерінің қатынасы.

Своп – белгілі бір кезең аралығындағы белгіленген талаптарға қаржылық құралдарды айырбастау бойынша екі жақтың келісімін куәландыратын туынды бағалы қағаз.

Сатып алу сомасы - жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушының алуына құқығы бар ақша сомасы;

Сақтандыру ережелері - сақтандыру ұйымының белгілі бір сақтандыру түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын құжаты;

Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушылары - өз қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиялары негізінде жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, актуарий және уәкілетті аудитор;

Сақтандыру резервтері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша актуарий есептеулері негізінде бағаланатын міндеттемелері;

Сақтандыру қызметінің субъектілері - сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары;

Сауда-саттықты ұйымдастырушы - қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу ұйымы;

Сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімі - сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіне айналысқа жіберуге рұқсат етілген қаржы құралдарының сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған тізімі;

Сауда жүйесі - сауда-саттықты ұйымдастырушының материалдық-техникалық құралдарының, ішкі құжаттарының және сол сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасауда пайдаланылатын өзге де қажетті активтері мен рәсімдерінің кешені;

Своп - екі тараптың белгілі бір мерзім ішінде белгілі бір талаптармен қаржы құралдарын айырбастау жөніндегі келісімін куәландыратын туынды бағалы қағаз;

Туынды қаржы құралдары - құны базалық активтің құнынан бөлек бағалануы мүмкін және мәмілелердің дербес объектісі бола алатын қаржы құралдары;

Тікелей инвестициялар - заңды тұлғаның акцияларын (қатысушылардың салымдарын) төлеуге зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесіне құқықтарды қоса алғанда, ақшаны, бағалы қағаздарды, заттарды, мүліктік құқықтарды және өзге де мүлікті салу, соның нәтижесінде осындай салымдарды жүзеге асыратын тұлғаға осы заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті (қатысушылар даусының жалпы санының он және одан да көп проценті) тиесілі болады;

Төлемеушілік тәуекелдікті сақтандыру - осы күні сыртқы сауда да тауарды несиеге беру орын алып отыр. Несиені мерзімінде қайыруды қамтамасыз ету мақсатымен экспортерлер (шетелге тауар шығарушылар) көпшілік жағдайда төлемеушілік тәуекелін сақтандырады. Сақтандырудың мұндай түрімен жеке меншік акционерлік қоғамдар айналыспайды, әдетте мемлекегтік, не болмаса мемлекеттік акцияны бақылау пакеті бар мекемелер жүргізеді.

Тәуелсіз директор – сол акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның сол акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда), сол акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен аффилиирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен аффилиирленген тұлға болып табылмайтын; сол акционерлік қоғамның немесе ұйымдардың – сол қоғамның аффилиирленген тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныштылығы жағынан байланысты емес; сол акционерлік қоғамның аудиторы емес және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор

болмаған; сол акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі;

Трансфер-агент - бағалы қағаздар рыногының өз клиенттерінің арасында құжаттар (ақпараттар) қабылдау мен беру жөнінде қызмет көрсететін кәсіби қатысушысы;

Туынды бағалы қағаздар - осы туынды бағалы қағаздардың базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

Төлем агенті – банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

Төлем тапсырмасы – ақшаны төлеуі мен аударуды іске асыру тәсілі, ол жіберушінің алушы – банкке бейнефициар пайдасына нұсқауда көрсетілген ақша сомасын аудару туралы нұсқауды ұсынуын қарастырады.

Тіркеуші - бағалы қағаздар рыногының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы;

Уәкілетті орган – бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

Ұлттық валюта - Қазақстан Республикасының валютасы;
орындар;

Уәкілетті ұйымдар - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, қызметінің ерекше түрі шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалар;

Ұйым - акцияларында инвестициялар жүзеге асырылатын акционерлік қоғам, сондай-ақ жарғылық капиталдарына Қор қатысатын, өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған шетелдік заңды тұлғалар;

Ұлттық бірдейлендіру нөмірі - эмиссиялық бағалы қағаздарды бірдейлендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында оларға уәкілетті орган беретін әріптік-сандық код;

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногы - мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы;

Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногы - бағалы қағаздар айналысының бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылатын саласы;

Фьючерс - белгіленген нысандағы стандарттық саны мен орындалу мерзімі бар және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналыста жүретін туынды бағалы қағаз, оны сатушы сатуға немесе сатып алуға міндеттенеді, ал сатып алушы мүліктің (базалық активтің) белгіленген санын келісілген баға бойынша және белгілі бір мерзім өткеннен кейін сатып алуға немесе сатуға міндеттенеді.

Шетел валютасы - шет мемлекеттің валютасы, сондай-ақ халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктері;

Шетелдік банктер - Қазақстан Республикасынан тыс жерде құрылған және

өздері тіркелген мемлекеттердің заңнамасы бойынша банк операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар банктер мен өзге де қаржы институттары; **Шетелге шығарылатын несиелерді сақтандыру** — экспорттерлердің (шетелге тауар шығарушылардың) мүлдесін қорғау мақсатында қолданылады. Сақтандыруды мемлекеттік және жеке меншік мекемелер жүргізеді. Мемлекет сауда қауіп-қатерліктерімен қатар саяси қатерлікті де мойнына алады. Мемлекеттің саяси қатерлік шығынын төлеуі несие сомасының 90 пайзынан асады, ал басқадай қатерліктердің шығындарын өтеу 80-90 пайыз шамасында болады.

пруденциалдық нормативтер - уәкілетті орган белгілеген және лицензиат сақтауға тиіс нормалардың қаржылық көрсеткіштері;

Шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз - қарыз алушы шет мемлекеттің үкіметі болатын қарызға қатысты ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз не шет мемлекеттің заңдарына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға жатқызылған өзге де бағалы қағаз;

Шығару құрылымы - шығарылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың саны, олардың түрі, нақтылы құны (облигациялар үшін) туралы мәліметтер;

Ірі акционер – бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп (халықтық қоғамда-бес және одан да көп) проценті тиесілі акционер немесе бірнеше акционер;

Хеджирлеу - мүліктік мүдделерді жай-күйі қаржы құралдарымен мәміле жасасу арқылы бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің кірістері мен шығындарының туындауына байланысты болатын бағаның, айырбастау бағамының, сыйақы ставкаларының немесе өзге де ықтимал көрсеткіштердің өзгеруі кезіндегі тәуекелдерден қорғау;

Экспорт (импорт) - резиденттің резидент емеске (резидент еместің резидентке) тауарларды сатуы, жұмыстарды орындауы, қызметтер көрсетуі.

Электрондық мониторинг - ақпаратты электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған электрондық құжат нысанында беретін ұйымды басқару мониторингінің нысаны.

Эмиссиялық бағалы қағаздар - бір шығарылым шегінде біртекті белгілер мен реквизиттері болатын, осы шығарылым үшін бірыңғай жағдайлар негізінде орналастырылатын және айналысқа түсетін бағалы қағаздар;

Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы - қайталама бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау;

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару - эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың азаматтық құқықтар объектісі ретінде пайда болуына бағытталған іс-әрекеті, немесе орналастырылуы, айналыста болуы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығы;

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі - эмитент, оның қаржылық жай-күйі, сатылады деп болжанатын эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылымның көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, оларды шығару, орналастыру, айналыста болуы, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу

рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтер және инвестордың бағалы қағаздар сатып алу туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін басқа да ақпарат бар құжат;

Эмиссиялық консорциум - андеррайтерлердің эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызмет көрсету мақсатында бірлескен қызмет туралы шарт негізінде құрылған бірлестігі;

Эмитент - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.

Аралық бақылау

1-ші аралық бақылау сұрақтары

1. Қаржы нарығы және оның делдалдары мен қатысушыларының түсінігі
2. Қаржы нарығы және оның құрылымы
3. Шет мемлекеттердің қаржы нарығының инфрақұрылымы
4. Қор нарығы және оның құрылымы.
5. Қаржы нарығы және оның құрылымының теориялық негізі
6. Қаржы нарығының функциясы
7. Қазақстанның қаржы нарығының ерекшеліктері
8. Қазақстандағы қаржы нарығының құрылымы
9. Қаржы нарығының экономикалық мәні
10. Қор биржасы
11. Қаржы делдалының түсінігі
12. Капитал нарығының түсінігі
13. Акцияның қоғамда орналасуының әдістері
14. Капитал нарығындағы тепе-теңдік
15. Капитал нарығына қатысушылар
16. Қарыз капитал түсінігі
17. Нарық капиталының теңдігі
18. Эмитент, инвестор түсінігі
19. Ашық акционерлік қоғамдағы акция келісімінің ерекше өтімі
20. Бөлшектеу және консолидациялау
21. Ақша нарығының түсінігі
22. Ақша нарығының құралдары
23. Ақша нарығының функциялары
24. Есеп айырысу құралдары
25. Қысқа мерзімді қазыналық вексельдер және олардың мінездемесі.
26. Ақша нарығының экономикалық мәні
27. Қазақстандағы ақша нарығының құрылымы
28. Чектің түрлері
29. Банктік акцепт және оның негізі
30. Ақша нарығының төлем құралдары
31. Ақша нарығы және оның қаржылық құралдары
32. Төлем карточкалары және олардың түрлері
33. Депозит нарығы
34. Жинақ депозиттерінің ерекшеліктері
35. ҚР –да валюта нарығының дамуы
36. Валюта айырбасы, бағам түрлері

37. Валюталардың биржалық және биржадан тыс нарықтары
38. Биржадан тыс нарық және валюталарды сатып алу-сату келісімшарттары
39. Валюта нарығының түсінігі және оның құрылымы
40. Валюта операциялары
41. Валюта бағасына қатысты факторлар
42. Шетел валютасындағы СВОП
43. СПОТ операциясы
44. ФОРВАРД операциясы
45. Қазақстандағы валюта нарығының құрылымы
46. Валюта нарығы және оның құралдары
47. Валюта операциялары және олардың сипаттамалары
48. Валюта тәуекелділіктерінің пайда болуы, себептері
49. Несие нарығы, құралдары
50. ҚР несие нарығының ерекшеліктері
51. Қазақстандық Ипотекалық Компанияның маңызы
52. Бағалы қағаздардың түсінігі, түрлері
53. Бағалы қағаздар нарығының мәні
54. Туынды бағалы қағаздардың шығарылу және орналасу ерекшеліктері
55. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби-мамандары
56. Бағалы қағаздар нарығының функциясы
57. Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары
58. Бағалы қағаздар нарығының негізгі қаржылық құралдары және олардың классификациясы
59. Құқықтық және фьючерстік келісімшарт
60. Фьючерс пен опцион ерекшеліктері
61. Депозиттік сенімхат түрлері
62. Акцияның облигациядан ерекшелігі
63. Коносамент түсінігі
64. Негізгі бағалы қағаздардың туынды бағалы қағаздардан ерекшелігі
65. ҚР-да мемлекеттік бағалы қағаздардың қандай түрлері шығарылады
66. Әлемдік бағалы қағаздар нарығы
67. Халықаралық бағалы қағаздардың негізгі түрлері
68. Халықаралық бағалы қағаздардың айналымы мен эмиссиясының әлемдік орталығы
69. Қазіргі әлемдік қаржы нарығын құрудың тарихи аспектілері
70. Әлемдік қаржы нарығының түсінігі мен маңызы
71. Әлемдік қаржы-несиелік институттар
72. Шетелдік валюталардың нарығы
73. Әлемдік ақша орталығы
74. Әлемдік валюта нарығын құру мен дамыту
75. Дамыған және дамушы елдердің зейнетақы нарықтары
76. Әлемдік ипотекалық нарқтың дамуы
77. Қазақстанның халықаралық қаржы орталығын құру мен дамыту
78. Қазіргі әлемдік валюта нарығының түсінігі
79. Әр түрлі елдердің ипотекалық нарықтары

80. Халықаралық бағалы қағаздар нарығы.

2-ші аралық бақылау сұрақтары

1. Қаржы нарығының инфрақұрылымында банктердің маңызы
2. Банктердің несиелік және инвестициялық стратегиялары. Несиелік саясат
3. Инвестициялық банктер, олардың әртүрлі елдерде реттеу практикалары
4. Инвестициялық банктердің мінездемесі және іс-әрекеттерінің түрлері
5. Коммерциялық банктердің бағалы қағаздармен операциялары
6. Коммерциялық банктердің брокерлік-диллерлік іс-әрекеттері
7. Коммерциялық банктердің кастодиальдық іс-әрекеттері
8. Коммерциялық банктердің делдалдық операциялары
9. Коммерциялық банктер бағалы қағаздар нарығында белгілі бір эмитент және инвестор ретінде
10. Банк түрлері және функциялары
11. Қазақстанда зейнетақы қорының дамуы
12. Шетелдік зейнетақы қорлары
13. ҚР-ғы зейнетақы жүйелері
14. Қазақстан Республикасында зейнетақы қорын құру тәртібі
15. Қазақстандағы зейнетақы нарығының құрылымы
16. Зейнетақы активтерін басқару компаниялары
17. Зейнетақы қорларының пассивтік және активтік операциялары
18. ҚР-ғы мемлекеттік емес зейнетақы қорлары
19. Қазақстандағы зейнетақы нарығының ағымдық жағдайы
20. Чилидің зейнетақы нарығы
21. Сақтандырудың экономикалық мәні
22. Сақтандыру объектілері
23. Сақтандыру қызметінің қаржылық негізі
24. ҚР-да сақтандыру ісінің дамуы
25. Сақтандыру нарығының функциялары
26. Қазақстанда сақтандыру нарығының құрылымы
27. Қазақстандағы сақтандыру нарығының қазіргі жайдайы
28. Қазақстанда сақтандыру нарығының даму болашағы
29. Сақтандыру ұйымдарының түсінігі
30. Қазіргі даму жағдайындағы қазақстан Республикасындағы сақтандыру ұйымдары
31. Инвестициялық қорлардың қалыптасуы
32. Инвестициялық жағдайды техникалық және түптеп талдау
33. Инвестициялық процестегі инвестициялық компаниялар және қорлардың ролі
34. Инвестициялық қорлардың қызметін жүзеге асыру негіздері
35. Инвестициялық қорлардың типтері және негізгі түрлері
36. Инвестор түсінігі және оны тарту
37. Қазақстан Республикасында инвестициялық қор қызметін жүзеге асыру
38. Қазақстандағы инвестициялық саясат
39. Қаржы институттарындағы делдалдық қызмет

40. Брокерлер, брокерлік фирмалар, диллерлер және трейдерлер түсінігі
41. Брокерлік және диллерлік компаниялардың келісім шарттары
42. Банктер және олардың қаржы-делдалдық қызметі
43. Қор биржасы, оның функциялары
44. Қаржы делдалдарының негізгі категориялары
45. Брокер және биржа
46. Қазақстандық қор биржасы
47. Қаржы нарығындағы брокерлік-диллерлік іс-әрекеттің даму болашағы
48. ҚР Орталық банкі және оның функциялары
49. ҚР-ң қаржы нарығындағы Ұлттық банктің лицензиялық қызметі.
50. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаментінің функциялары мен өкілеттіктері
51. Ұлттық Банктің өкілеттігі
52. Кәсіби нарық қатысушыларын лицензиялау
53. Реттеуші органның негізгі функциялары, нормативтік актілерді құрудың және дамытудың жүйесі
54. Ұлттық Банктің міндеттері
55. Ұлттық Банктің заңдар, нормативтік актілер және инструкциялар жасауға қатынасуы
56. Қазақстанның Ұлттық Банкі мен Қаржы Министрлігінің құрылымы және олардың қызметі
57. Қаржы ұйымдары мен қаржы нарығын бақылау мен реттеу бойынша Қазақстан Республикасы Агентігінің негізгі міндеттері мен қызметі
58. Қаржы нарығын реттеу түсінігі
59. Қаржы нарығындағы өзіндік реттеу ұйымдарының ролі
60. ӨРҰ-ң тиімді қызметінің шарты
61. Өзіндік реттеу ұйымдарының қызметін жүзеге асыру негізі
62. Қазақстандағы өзіндік реттеу ұйымдары және олардың маңызы
63. Өзіндік реттеу ұйымдарының міндеттері
64. Өзіндік реттеу ұйымдарының статусы
65. Қазақстанда мемлекеттік реттеу ұйымдары
66. ҚР-ң қаржы нарығының дамуының негізгі бағыттары
67. Қаржы нарығының дамуын мемлекеттік қолдау
68. Инвестициялық салымдарды ынталандыру
69. Банк қызметінің бекуі және олардың қаржы нарығында активтенуі
70. Қаржы нарығының әртүрлі сегменттерінің табыстылығын теңестіру.

Қолданылатын әдебиеттер тізімі

1. Салық және бюджетке түсетін басқа міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексі.
2. Жуков Е.Ф. «Ценные бумаги и фондовые рынки» М. -1995 (Тақырып №5 , 25-30 бет)
3. Капустин М.Г. «Евро и его влияние на мировые и финансовые рынки» (Тақырып №6, 55-59 бет)
4. «Фондовый рынок» под ред. Сутемгенова Н.Д. Учебное пособие Алматы -2000(тақырып №13, 66-77 бет)
5. Мақыш Серик Биханұлы «Коммерциялық банк операциялары» Алматы:2002ж (Тақырып №7, 22-27бет)
6. Мельников В.Д., Ли В.Д. Общий курс финансов.Учебник.- Алматы: Институт развития Казахстана, 2001. (Тақырып №1, 45-50бет)
7. Кулпыбаев С.К., Баязитова Ш. «Қаржы теориясы.»Оқу құралы.- Алматы:Мерей, 2001. (Тақырып №2,10, 10-15,90-95бет)
8. Финансы. Учебник для вузов. Под.ред. М.В.Романского и др.-М.: Перспектива,»Юнити», 2000. (Тақырып №4, 33-37бет)
9. У.М.Искаков, Д.Т.Бохаев, Э.А.Рузиева «Финансовые рынки и посредники»-Алматы, 2005г. (Тақырып №14,216-222беттер)
- 10.Финансы. Под.ред. В.М.Родионовой.-М.:Финансы и статистика,1993. (Тақырып №3,66-75бет)
- 11.Омирбаев С.М. «Финансы» Астана 2003 (тақырып№11, 260-264 бет)
- 12.«Финансы-денежное обращение-кредит» под ред.Л.И.Дробозиной Москва «ЮНИТИ» 1997г. (тақырып№12,233-237бет)
- 13.«Финансы» Вахрин П.И.,Нешиной А.С. Москва 2000ж (тақырып №9, 433-444бет)
- 14.У.М.Искаков,Д.Т.Бохаев,Э.А.Рузиева «Финансовые рынки и посредники»-Алматы, 2005г. (Тақырып №11,9;125-135,205-207беттер)
- 15.Журнал «Қаржы хабаршысы» (Тақырып №8)
- 16.Журнал «Банки Казахстана» (Тақырып №12,)

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Пәннің мазмұны.....	4
Тақырып 1. Қаржы нарығының инфрақұрылымы және оның негізгі элементтері.....	4
Тақырып 2. Капитал нарығы.....	5
Тақырып 3. Ақша нарығы.....	6
Тақырып 4. Валюта нарықтар.....	7
Тақырып 5. Бағалы қағаздар нарығы.....	8
Тақырып 6. Әлемдік қаржы нарығы.....	9
Тақырып 7. Қаржы нарығындағы коммерциялық банктердің іс-әрекеті.....	11
Тақырып 8. Зейнетақы қорлары.....	12
Тақырып 9. Сақтандыру компаниясы.....	13
Тақырып 10. Инвестициялық компаниялар және қорлар.....	14
Тақырып 11. Қаржы нарығындағы брокерлік-диллерлік қызмет.....	15
Тақырып 12. ҚР ҰБ қаржы нарығындағы реттеуші орган ретінде.....	17
Тақырып 13. Өзін-өзі реттеуші ұйымдар.....	17
Тақырып 14. Қазақстанның қаржы нарығының даму стратегиясы.....	19
Термин сөздер.....	20
1-ші аралық бақылау сұрақтары.....	37
2-ші аралық бақылау сұрақтары.....	39
Қолданылатын әдебиеттер тізімі.....	41

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 43 бет 3,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.